

Түркістан облысы
Сайрам ауданы білім белімі
«Қазына kz» бөбекжай-бақшасы»



Ертенгілік

Тақырыбы:

“Наурыз келді, алай!”



Орындаған: Жаппарова А.

2023-2024 оқу жылы

Мерекеге сай эсем безендірілген зал, күмбірлеген күй ойналып тұрады.

Жүргізуши: *Уа жараңдар, жараңдар! Бәрің бері қараңдар.*

Наурыз думан басталды!

Шалқытып мерекеде ән салайық

Өнерпаз өрендерге тамсанайық.

Әнімен, биімен алдарыңызға келіп тұрган балаларымызды қарсы алаіық.

Алихан: *Ассалаумагалейкум*

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын!

Сырым: *Уагалейкумассалам*

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын!

Екі бала төс қагыстырып аман-саулық сұрасады.

Алихан: *Күн мен түн теңелді*

Жер шуаққа кенелді.

Соны тойлар ел енді.

Наурыз тойы - салтымыз.

«Көгерсін», - деп халқымыз.

Көшеге тал егеміз.

Сырым: *Бата беріп атамыз,*

Бата беріп атамыз

Тәтті болып жасалған

Наурыз дәмін татамыз.

Жүргізуши: *Наурыз келді қараңдар*

Көктеді қыр-жагалар

Наурыз тойын тойлайық

Жаңа жылда балалар- дей келе келесі кезекті балаларымыздың орындауында «Көктем» әніне берейік.

Ән : «Көктем»

Жүргізуі: Жарайсыңдар балалар.

Көрініс

«Тақпак айтам тақылдан» - демекіні балаларымыздың тақпактарын тыңдаійық.

Айша: Жаңа жыл! жаңа жыл!

Бақыт жылы болгайсың!

Бізге беріп жаңа жыр,

Бізден алғыс алгайсың!

Айым: Күнтізбенің парагын,

Бүгін аңдан қарадым.

Мерекелі күн кепті,

Жырттаймын мен бұл бетті.

Раяна: Эже көжесе қайнатты,

Улken қара қазанга

Әртүрлі дән салып

Дәмін тәтті байқапты.

Айкөркем: Наурыз тойы елдің тойы

Көктем тойы төлдің тойы

Ән айтатын күні бойы

Жақсы көрем Наурыз тойын.

Хадича: Құлын, тай басты көгалды

Көгілдір көрпе жасылған.

Көлдерге құстар оралды,

Туган жер қыстай сағынған.

Аяла: Жарқырап түр күніміз,

Жайқалсын жаса гүліміз.

Бақта бұл-бұл саірасын.

Сәнді көктем нұрымен

Наурыз тойы - жырымен

Көңіл гүлдей жайнасын.

Марғұлан: Көктем келді су ақты

Күннің көзі шуақты

Көктем келді гүл өсті.

Жүргізуші: Көйлектері тал бойына жарасқан

Сымбаттары ай мен күнге таласқан

Бұлдіршиңдер ортада би билейді

Қимылты мен әуені үйлес тапқан.

«Арқан тартыс» ұлттық ойыны

Бұлдіршиңдеріміздің «Қамажай» биін тамашалайық.

Би: «Қамажай»

Жүргізуші: Балалардың тақпактарын тыңдайың.

Досымжсан: Ата-бабам тойлаган,

Наурызым, армысың?

Қызығына тоймаган,

Дархан дала, қарлы шың.

Камранбек: Жерді жапты көк кілем,

Ондай кілем жоқ білем!

Көктем келді күлімдең,

«Міне, саган гүлім!» деп

Нұриман : Қарды ерітіп жылгасы,

Наурыз келді - жыл басы

Шуақ тәкти жарық күн

Мейрамында халықтың.

Мейірәжсан: Наурыз тойы әдемі

Әжем еске түсірді...

Біздерге арнап әдемі

Наурыз көжесе пісірді.

Алихан: Наурыз тойы тамаша

Наурыз тойы жаңаша

Табигатта тамаша

Тамылжып түр жараса.

Рамазан: Көлдің мұзын күн тесті,

Әптақ тонын жер шешіті.

Жан-жасақтан күн күркіреп,

Жаңбыр жауды сіркіреп.

Жүргізуши: Жігіттеріміздің «Қамишы» биін тамашалайық

Би: «Қамишы»

Жүргізуши: Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем әнмен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсөң мение сүй!- деп Абай атамыз жырлагандай «Қазына kz» қыздарының орындауында


«Қош келдің, төрлемет Наурызым» әні.

Ән: «Қош келдің, төрлемет Наурызым»

Жүргізуши: Жарайсыздар!

Жүргізуши: Біз қазақ халқы салт-дәстүрге бай халықтыз. Салт-дәстүріміздің бірі Тұсай кесер. Барлығымыз тұсай кесер рәсімін тамашалайық.

Жүргізуши: Наурыз мерекесі құтты болсын. «Наурыз келді, алақай» атты мерекелік іс – шаралызызды аяқтай келе, көңіл бөліп келгендеріңізге раҳмет.

Даралда: 



«Наурыз келді, алақай!» атты іс-шара барысында





«Наурыз келді, алақай!» атты іс-шара барысында

